

Бұл үйірмеде студенттер ғылыми-зерттеу жұмысының алғашқы дағдыларын қалыптастырады, жаңа шығармашылық идеяларды іздеу әдісі бойынша теориялық және практикалық дағдыларын меңгереді, арнайы ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу біліктерін тереңдете түседі. Аталмыш студенттердің бойындағы білім, білік, дағдыларын қалыптастырып, оларды әрі қарай жетілдіру үшін және студенттерге зерттеу жүргізуге мүмкіндік беретін кафедраның заманауи материалдық базасы құрылған.

Түйіндеп айтқанда, студенттердің ғылыми шығармашылығын бақылып, басқаруда – бекітілген кестеден тыс жұмыс көлеміде орындалып өз нәтижесін беріп отырады. Студенттік ғылыми үйірме жұмысының негізгі аспектісі студенттердің ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыру, ҚарМТУ-нің ғылыми-зерттеу жұмыстарын тиімді жоғарылату, оларды орындауға студенттерді қатыстыру, жоғары білікті мамандар даярлаудың сапасын арттыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Муслимова А.Е. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына кәсіби қызығушылығын қалыптастыру. – <http://www.rusnauka.com/>
2. Демченко, З.А. Научно-исследовательская школа студента исследователя // Высшее образование в России, 2010. – № 12. – С. 155-158.
3. Студенттерді ғылыми зерттеу жұмыстарына дайындау. – <http://kazorta.org/studentterdi-ulyimi-zertteu-zh-mystaryna-dajyndau/>

Тулбай М.Б., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, КФ-31 тобы, студент
(*Ғылыми жетекші – ф.ғ.к., доцент Жуынтаева З.Н.*)

ӨЛЕҢ ПОЭТИКАСЫНДАҒЫ АТАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕР МӘСЕЛЕСІ

Поэзияның өзіне тән ерекшелігі, өз алдына бостандығы, әдебиеттану ғылымының үлкен бір дербес саласы екендігі оның айрықша тілдік формалары арқылы жүзеге асуда десек қателескендігіміз емес. Жалпы бұл мәселеде тілдік ерекшеліктердің арасында синтаксистің маңызы зор.

Қазақ тіл білімінде поэзиялық шығармалардың синтаксистік ерекшеліктері, яғни оның құрылымы барынша қарастырылғанымен, өлең мәтініндегі поэтикалық синтаксистік семантика, оның құрылысының коммуникативтілігі сынды жайттар назардан тыс қалып қойғандығы шындық. Осы аталған мәселелер бойынша қазақ тіл білімінде зерттеулер жүргізіліп, біршама еңбектер жарық көрді. Бұлардың қатарына З.Ахметовтың «Өлең сөздің теориясы», Т.Қордабаевтың «Поэзиялық шығармалардың синтаксистік құрылысы», Р.Сыздықтың «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» сынды еңбектерді атауымызға болады. Аталмыш зерттеу еңбектерінде поэзиялық шығарма тілі, поэзиядағы сөйлем және оның ерекшелігі сынды өзекті тақырыптар қозғалған. Десек те, поэзия тілі және оның құрылысы, өзіндік структурасы, өлең мен проза айырмашылығы сынды тақырыптар қазақ лингвистикасында толық зерттеле қоймаған томаға тұйық тақырыптар болып саналады.

Атаулы сөйлемнің нақты бір анықтамасында бір ізділіктің болмағанымен, қазақ тіл білімінде негізгі қағидалары әлдеқашан қалыптасып қойған. Атаулы сөйлемдер тарихи жазба ескерткіштер мен фольклорлық мұраларда кездесе қоймайды[1,124]. Бұл - атаулы сөйлемге тән алғашқы қағиданың бірі. Негізінен, атаулы сөйлемдер тарихи жазбалар мен фольклорлық шығармаларда өте сирек кездеседі дегенімізбен, «Атаулы сөйлем шығу жағынан бірінші пайда болған» деген пікірлерді ескеретін болсақ, бұл қағида мен пікірдің бір-бірімен сәйкес еместігін түсіне аламыз[2,170].

Қазақ ғалымдарының арасында әлі күнге дейін бір қалыпқа түсе келе алмай жатқан мәселенің бірі – атаулы сөйлемнің мағыналы түрлеріне байланысты. Қазақ тілінің академиялық грамматикасында атаулы сөйлем мекен атаулы, мезгіл атаулы және зат атаулы болып үш мағыналық түрге бөлінеді[1,128]. Р.С.Әміров атаулы сөйлемдерді мағынасына қарай үш топқа бөледі: 1) бейнелеу мағыналы атаулы сөйлемдер; 2) эмоциялы атаулы сөйлемдер; 3) сөгіс, тілек мағыналы атаулы сөйлемдер. Ал С.Аманжолов болса, мағына, құрылыс жағына қарай: 1) жай зат атауы; 2) меншікті атау; 3) әліптемелі атау деп үш түрге жіктейді. А.Әбілқасым болса, қалыпты атаулы сөйлемдерді үш түрге топтастырады. Олар: 1) мекен атаулары; 2) мезгіл атаулары; 3) құбылыс (зат) атаулары. Бұл бөліністердің барлығы атаулы сөйлемнің мәтін

құрылысында қолданысына байланысты топтастырылған. Ал өлеңнің поэтикалық контексіндегі атаулы сөйлемдерді мағыналық жағынан топтастырған ғалым А.Таусоғарова болып табылады. Ғалым өлеңнің поэтикалық контексіндегі атаулы сөйлемдерді біршама зерттей келе, мұны қолданылу аясына байланысты екі түрге бөліп қарастырады:

1. Автор-субъектінің эмоционалді күйін белгілейді. Бұл мәселеде атаулы сөйлем тұлғасындағы сөз я сөздердің тіркесі қайталанып келеді.

2. Атаулы сөйлем бейнені, метафоралы тіркестер түрінде берілуіне қарай акынның объектіге я субъектіге қатынасын да білдіреді[3,138].

Атаулы сөйлем – жай сөйлемнің бір түрі. Ол өзінің құрылысы мен мағынасы жағынан жай сөйлемнің бірде-бір түріне ұқсамайды: а) атаулы сөйлем тұрлаулы мүшеге талданбайды, басқаша айтқанда, оған ұйытқы, тірек болып тұрған сөзді бастауыш не баяндауыш деп тап басып айтуға келмейді. Негізінде, зат есімнен болып, атау септікте тұруы жағынан ғана оны бастауыш ыңғайындағы тұрлаулы мүше деп жалпы жорамал жасалынып жүр, бірақ оны сыртқы ұқсастығына қарап айтқанымыз болмаса, бастауышпен тепе-теңдік дәрежедегі мүше деп есептеуге келмейді; ә) атаулы сөйлем оқиғаға қатысты затты, құбылысты, болмысты атап қана көрсетеді, онда жай сөйлемнің басқа түрлеріндегі сияқты баяндау қасиеті болмайды. Солай бола тұрса да, атаулы сөйлемде интонация, оқиғаның, құбылыстың шындық өмірге, шаққа қатыстығы сияқты сөйлемге тән айрықша белгілері болады [4, 30].

Көркем шығармалар да не болмаса өлең поэтикасында да атаулы сөйлем қолданысы өте жиі ұшырасатындығы белгілі. Соның ішінде яғни, өлең мәтінінде атаулы сөйлемдер түріндегі сөздердің тіркесі қолданысқа ие. Кейбір өлең мәтіндерінде әлдебір бейнені, суретті бейнелеу мақсатында жұмсалатын болса, ал кейбір өлең мәтіндерінде тіптен бөлек белгілі бір тиянақты ойды, пікірді білдіру мақсатында қолданылып келеді. Мысалы:

Қап-қара түн. Шегір көзді жындар жүр.

Қап-қара түн. Қайғы мен қан ойнап тұр.

Қайғы менен қара қанға тұншығып,

Түн баласы ауыр ойлар ойлап тұр.

(М.Жұмабаев)

Бұл өлең жолдарында автор «қап-қара түн» деген сөз тіркесін атаулы сөйлемнің бейнелеу мақсатында жұмсалатын түріне байланысты қолданып отыр. Сонымен қатар бейнені нақтылай түсу мақсатында «кімдер жүр? не болып жатыр?» сынды сұрақтардың жауабын өлең тармақтарымен әсерлі жеткізгендігі анық байқалады.

«Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры,

Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.

Күншығыста ақ алтын бір сызық бар:

Мен келемін, мен пайғамбар – Күн ұлы».

(М.Жұмабаев)

Ал өлеңнің мына бір «қайғылы ауыр жер жыры», «күңіренеді түн ұлы» деген тіркестерін бір тармаққа, бір интонацияға топтастыра отыра, сурет пен бейнемен қатар эмоцияны әсерлі бергендігін көре аламыз. Осы мысалдардан-ақ атаулы сөйлемнің контекске тәуелді екенін аңғарамыз. Себебі, атаулы сөйлем түріндегі сөз, яки сөз тіркестері тұтас синтаксистік құрылымның барысында тек қана сурет, бейнені беру үшін ғана емес, белгілі бір тиянақты ойды, пікірді білдіру мақсатына да арналған сөйлемнің мүшесі екені белгілі[5,130].

Батады ай,

Батады ай. Мен батам.

Кірсіз Айым,

Еркетайым, ақ батам:

Өмір – сағым:

Сен, қарағым, сағым қу,

Сағым сумен,

Алтын бумен жанын жу!

Өмір – дала.

Сен бір – бала. Сайран ет,

Гүлдер жиып,

Сәуле сүйіп, ойнап өт!

(М.Жұмабаев)

Жоғарыдағы келтірілген мысалда, субъектінің іс-әрекеті мен сипаты автордың фразаны қолдану арқылы әрленіп тұр. Жалпы өлеңін «Қарағым»-ға, оның іс-әрекетіне, автор ситуацияға байланысты эмоциясын білдірген – «Өмір – сағым», « Өмір – дала» фразаларынан көрініп, әр тармақтың синтаксистік құрылымының поэтикалық мәні, мағыналық дербестігі нақтыланған деп саралай аламыз.

Сап-сары бел,

Еседі жел,

Еседі.

Еседі жел

Көшеді ел,

Көшеді.

Дала бұйық

Бала тұйық –

Екі үнсіз.

Дала – жұмбақ,

Бала – жұмбақ

Шешусіз.

Мына М.Жұмабаевтың осы жыр шумақтарынан атаулы сөйлемнің сөз немесе сөз тіркесі түрінде жасалатын түрі қолданылып отыр. Мұндағы бейнелеу мағыналы атаулы сөйлемдермен бірге эмоционалды атаулы сөйлемдерді әсерлі жеткізіп отырған сөз қолданыстары барынша өлең поэтикасын объектіні актуализациялаудан гөрі, эмоцияны бейнелеуші тұстары басымырақ келеді. Қазақ тілі грамматикасы жағынан бейімделген лепті сөйлемді баяндаған тұсында: «Атаулы сөйлем формасы – ойға эмоцияны қоса білдіруге жақсы бейімделген тіл амалдарының бірі» деген пікір осының дәлелі болса керек [1,137].

Автор атаулы сөйлемдерді өлең құрылысында әртүрлі тәсілдермен қолданып, өлеңге мейлінше өзіндік мән үстейді. Атаулы сөйлемде бастауыш пен баяндауыштан құралатын предикативтік қатынас болмағанмен, предикативтің өзі бар. Бұл сөйлем де тиянақты ойды білдіреді, ойды болмысқа шақ, жақ тұрғысынан қарастырып білдіреді. Атаулы сөйлемге тиянақты синтаксистік форма беретін – интонация, контекст. Сөйлемге тән интонациямен атаулы сөйлем дара тиянақты форма алады [6, 57]. Ғалым Ә.Н.Нұрмұханов: «Кейбір жағдайда бастауыш та, баяндауыш та айтылмайды, тек зат не болмаса құбылыстың атауы ғана айтылады. Бұл – атаулы сөйлемге тән» деген пікірін ескеретін болсақ, өлең құрылысында ұшырасатын құбылыс атаулары осыған дәлел бола алады [5,198]. Мысалы:

Жібек түн –

Бәрі тың.

Сайраған,

Жайнаған,

Екі жас –

Екі мас:

Жүрек мас,

Көзде жас!

Сүттей ай,

Терең сай:

Бұлбұл,

Гүл-гүл.

Екі жан

Ыстық қан.

Жан ессіз,

От сүйіс.

Орман

Тынған.

Белдер –

Гүлдер.

Күбір,

Сыбыр.

Тұман –

Таң, таң!...

(М.Жұмабаев)

Атаулы сөйлемдердің грамматикалық сипаты – жайылуы, кеңеюі, морфологиялық тұрпаты – негізгі мүшенің қай сөз табынан болуына байланысты [7,90]. «Негізгі мүшесі атау тұлғалы зат есімнен болған атаулы сөйлем, негізгі мүшесі сын есімнен болған атаулы сөйлемдер, негізгі мүшесі –ған, -ген, -қан, -кен, -тын, -тін тұлғалы есімшеден болған атаулы сөйлемдер, негізгі мүшесі тұйық етістіктен болған атаулы сөйлемдер, негізгі мүшесі табыс септіктегі сөзден болған атаулы сөйлемдер болып осындай топтарға бөліп қарастырсақ болады» - деген ғалым Р.С.Әміровтың ғылыми пікірінің тек қана көркем шығармаларда ғана емес, поэтикалық контексте де қаншалықты ұшырасатындығын осы өлең жолдары дәлелдейді [8,675]. Мұндағы әрбір өлең тармағындағы жеке сөз немесе сөз тіркесі түріндегі атаулы сөйлемдер өлеңнің поэтикасын интонация жағынан ерекшелеп қана қоймай, субъектінің эмоционалды-экспрессивтік күйін бейнелеген. Сондай-ақ, атаулы сөйлемнің тууына ұйқас пен өлшемнің ұйытқы болғандығы осы өлең жолдарынан аңғаруымызға болады [5,132]. Негізінен ақын ойы, жібек түннің бір кешінде көздерінде оты бар, пейілдері сүттей ақ екі жастың серуінің бейнелегісі келгені анық. Автор өзіне ыстық, таныс объектілердің бейнелі, әсерлі беру қалпын көздейді. Және мұндай әсерді берудің бір жолы атаулы сөйлем түріндегі сөз немесе сөз тіркесі болып табылады. Автор өлең жолдарында мұны дербес бір тармақ пен интонацияға топтастырып сурет береді. Бұл – ақынның ерекше шеберлігінің айғағы. Сонымен қатар, өлеңнің ырғағын сақтап, өлшем, ұйқастың маңыздылығын көрсету үшін тек атаулы сөйлем түріндегі сөз тіркестерін қолдана отырып, оқырманға тек осы дүниелер арқылы ерекше бейнені бергендігін көре аламыз. Мысалы, «көзде жас, ыстық қан, жан ессіз» т.б. сөздер арқылы белгілі бір қалыпта субъектінің ішкі толқынысы мен сезімінен хабар беріп отыр.

Атаулы сөйлемде әлдебір оқиға, құбылыс немесе әрекет туралы хабарлаудан гөрі, солардың бірін атап көрсету жағы басым жатады. Тегінде, атаулы сөйлем әлдебір көріністі атап қана қоймайды, сонымен бірге сол көріністің осы шақта болып жатқандығын білдіреді. Бұл, әсіресе, сол атаулы сөйлемнің жалғасы сияқты қызмет атқаратыны анық байқалады [9,189]. Негізінен мәтін құрылысында атаулы сөйлемнің сөзі көмекші етістіктер арқылы жасалатындығы сынды, өлең жолдарында еді көмекші етістігі қосылып жасалған атаулы сөйлемнің түрлері де жиі кездеседі. Бұл көбінесе өлең құрылысына шақтық мағына үстейді. Мысалы:

Түн еді. Көкте қаптап бұлт тұрды,
Жел жылады, долы дауыл ұлып тұрды.
Секіріп сары шаш шайтан, жындар билеп,
Әлдекім сылқ-сылқ қана күліп тұрды.

(М.Жұмабаев)

Шақ категориясы грамматикада екі деңгейде қолданылады: 1. Морфологиялық шақ. 2. Синтаксистік шақ. Морфологиялық шақ етістіктің формасына ғана сүйенеді де, контекст ықпалы шарт емес, ал синтаксистік шақта контекст басты шарт болып есептеледі [1,144]. Бұл өлең жолдарына синтаксистік шақ тән. Яғни, басты шарт - контекст.

Қорытындылай келе, өлең мәтінің синтаксистік ерекшеліктерін қарастырған ғалым А.Таусоғарова: «Өлеңнің ырғақты синтаксистік-композициялық құбылысында атаулы сөйлемдер интонацияға иеленіп автор-субъект қатынасын да осы шақтағы деректі болмысты, объектіні я субъектіні актуализациялауы арқылы танылады» деген шешімге келген болатын. Атаулы сөйлемнің өлең құрылысында жасалуына: 1) ақынның белгілі бір болмысты объектілік тұрғыда қабылдауы, 2) субъектінің я объектінің бейнелі статикалық сипаты, 3) баяндауыштық мәні бар тілдік элементтердің түсіріліп, номинативтік атаулардың анықтауыштық қатынастағы сөздермен тіркесіп, жекелеген тармақтарға орналасып, интонацияға иеленуі, 4) кейбір логикалық қайшылықта құрылған предикаттық қатынас тән, метафоралы сөйлемдердің объектіні сипаттау мәнінің басымдығы, 5) іс-әрекетті білдіретін етістік сөздердің, тіркестердің синтаксистік құрылымының басында келіп, матаса байланысқан тіркестің статикалық мәнінің актуалдануы негіз болады [5,138].

Ғалым Ғ.Мадина: «Атаулы сөйлем де ойды қалыптастыру, білдіру, хабарлаудың тілдік грамматикалық формасы. Бірақ бұл - ерекше формаланған сөйлемдік белгінің ерекше ұйысқан түрі. Ол ерекшелік атаулы сөйлемнің грамматикалық жаратылысында, яғни сөйлемнің тұла бойының атау формада тұрып, сол форма арқылы берілуінде. Атаулы сөйлем болудың шарты, танылудың екінші бір шарты – ол контексте ғана жасалады. Кем болғанда 2-3 сөйлемнен тұратын контекст болуы шарт,- дейді. Сонымен қатар атаулы сөйлемнің мынадай басты

белгілерін атап көрсетеді: Бірінші, оның грамматикалық формасының атау тұлғалы болуы. Екінші, негізгі форманың зат есімнен болуы. Үшінші, құрамындағы басқа сөздердің тек зат есімге ғана қатыса алатындығы. Төртінші, мағынасы, негізінен, зат есім арқылы белгілі құбылыстың белгілі қалыпта соны көріп не елестетіп тұрған жағдайда, реалды, нақты бар факті екені, тұжырымдау, хабарлау, кейде соған эмоциялық қатысты да білдіру болатыны. Бесінші, шақтық мәні тек контекстен ғана білінетіні. Алтыншы, жаққа бейтараптылығы [10,90]. Атаулы сөйлемдердің қолданысына талдау жасағанда тағы бір аңғарғанымыз: олардың мынадай мақсаттарда жұмсалатынын байқауға болады: а) мәтіндегі тұтас бір оқиғаның экспозициясы ретінде; ә) белгілі бір пікірдің, айтылыстың бір бөлігін өзектендіру мақсатында, сол арқылы мәтін оқырманының зейінін нақты бір ақпаратқа аударту үшін; б) атаулы сөйлемдер “атай салу” үшін емес, мәтіннің жалпы суретімен, (модальділігімен) жанрымен астасып жатады.

Сонымен, атаулы сөйлем дегеніміз – қазақ тіл білімінде біршама дамып келе жатқан, ерекше құрылымды, сөйлеу кезінде жиі ұшырасатын сөйлем түрі. Көптеген зерттеушілердің пікірлерін ескере отырып, атаулы сөйлемнің өзіндік табиғатын, мәтін құрылысы мен өлең поэтикасындағы қолданысы, оның қазақ тіл біліміндегі орасан зор қызметі барынша қарастырылды. Тіл білімі саласында әр түрлі атауға ие болған атаулы сөйлем мәселесі әлі де болсын зерттеулерді қажет ететіні анық. Атаулы сөйлем сипаты сөйлем критерийлерінің талабына жауап бере алмайды. Атаулы сөйлемнің бойынан модальділікті түгендеу де қиын, онда грамматикамызда айтылып жүргендей, шақ та жоқ, оның шағын белгілейтін контекст, ал сөйлемнің шақтық белгілері контекстсіз де, морфологиялық тұрғыдан баяндауыш арқылы көрініп тұратыны белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жақыпов Ж. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары.-Қарағанды: ҚарМУ баспасы,1998.-158-б.
2. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. –Алматы:Санат,1994.-320-б.
3. Нұрмаханова Ә.Н. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы:Мектеп,1971.-291-б.
4. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Ғылым, 1967. – 236 б.
5. Таусоғарова А. Өлең мәтінінің синтаксистік ерекшеліктері. –Алматы:Қазақ университеті,2004.-185-б.
6. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері. – Алматы: Мектеп, 1977. – 92 б.
7. Әміров Р.С. Жай сөйлем синтаксисі.-Алматы:Мектеп,1983.-168-б.
8. Қазақ грамматикасы.-Астана,2002.-784-б.
9. Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. – Алматы: Мектеп, 1981. – 199 б.
10. Мадина Ғ. Номинатив сөйлем // Қазақстан мектебі. 1973. №3, - 89-102 б.

Шамшиденова Н.Н., Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Машина жасау факультеті, КОМ-19-1, магистрант
(*Ғылыми жетекші - п.ғ.к., доцент Г.Е. Самашова*)

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА КРИТИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ ТӘСІЛДЕРІ

Критикалық ойлау - кез-келген тұжырымдарға стандартты емес қарауға көмектесетін, үнемі өзгеріп тұратын ақпараттық ағындарды шешуге көмектесетін ойлау түрі. Тереңірек тоқталып айтқанда, бұл ойлаудың түрі студенттерге ақпаратты өңдеуге, жүйелеуге, тез және анық көрсетуге мүмкіндік береді, сондай-ақ өз ой-пікірлерімен бөлісіп, өз бетімен оқытумен және басқа адамдармен конструктивті өзара іс-қимыл жасау қабілетін дамытады. Бұл 20 ғасырдың 90-шы жылдарының ортасында пайда болған жаңа білім беру технологияларының бірі болып табылады.

Осылайша, критикалық тұрғысынан ойлау технологиясы қазіргі заманғы білім беру мақсаттарына жауап береді. Қазіргі педагогика үшін сыни ойлауды дамыту технологиясы жаңа болып табылса да, оның көптеген элементтері бұрыннан қолданылады. Мысалы, білімді жалпылау-рефлексия, ал мотивация-шақыру. Сыни ойлауды дамыту технологиясы дербес шешім қабылдауға бағытталған және тақырыпты оқытудағы бағытты таңдауға негізделген.

Критикалық ойлаудың бес түрлі сипаттамалары бар (Д. Клестер) бойынша:

- біріншіден, бұл дербес ойлау;
- екіншіден, бұл жалпыланған ойлау;